



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі: С. Миф Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖОСПАРЫ**  
**Әдістемелік кеңес №1**

Шымкент қаласы

11.09.2023 жыл

№	Қаралатын мәселелер	Жауаптылар
<p><i>Қыркүйек айы</i></p> <p><b>Тақырыбы: «ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҮЗДІКСІЗ ДАМУЫ- МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ КЕПІЛІ»</b></p> <p><b>Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел</b></p>		
1.	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг-жеке даму картасы; - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; - портфолио жинақтау; - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.	Әдіскер: Тажибекова Гулжан Пернебаевна
2.	Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту	
3.	Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар	
4.	«Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы- мектепке дейінгі білім сапасын көтерудің кепілі» (презентация)	
5.	Ағымдағы мәселелер.	

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының әдістемелік кеңес отырысы  
ХАТТАМА №1**

**Уақыты:** 11.09.2023 жыл

**Тақырыбы:** Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Тажобекова Г.П

**Хатшы:**

Усенова С.М

**Қатысқаны:** 10

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібінде:**

1.	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг-жеке даму картасы; - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; - портфолио жинақтау (trk.eportfolio.kz); - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.	Әдіскер: Тажобекова Гулжан Пернебаевна
2.	Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту	
3.	«Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы- мектепке дейінгі білім сапасын көтерудің кепілі» (презентация)	
4.	Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар	
5.	Ағымдағы мәселелер.	

**Тыңдалды:**

**1 мәселе бойынша:** Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио толықтыру;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

**Сөйледі:** әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 5б-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды:

1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Стандарт:

1) білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеу;

3) меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарында (бұдан әрі - мектепалды сыныптар) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік материалдар әзірлеу;

4) мектепке дейінгі ұйымдағы жас топтарының күн тәртібін әзірлеу;

5) әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау;

6) балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасау;

7) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру;

8) балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін негіз болып табылады.

3. Осы Стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар;

2) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар;

4) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;

5) оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзіреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар**

4. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) осы стандартқа;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

5. Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командаламен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командаламен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командалада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін

меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту:

- 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;
- 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу;
- 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату;
- 5) командада жұмыс істеу;
- 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау;
- 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу;
- 8) еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады.

12. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

13. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

14. Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

15. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;

2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;

3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;

4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

16. Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және оларда:

1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу;

2) мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;

3) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;

4) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже;

5) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;

6) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.

17. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

18. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

19. Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын дамытуға және түзету жұмыстарын жоспарлауға негіз болып табылады.

20. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады.

21. Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі:

физикалық дамыған;

ізденімпаз;

бастамашыл;  
табанды;  
бейімделуге қабілетті, көпшіл;  
өзіне сенімді;  
командада жұмыс істей біледі;  
эмоционалды жауапты;

өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

### **3-тарау. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар**

22. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.

23. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады-деді.

2022-2023 оқу жылында республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын анықтауға, педагогтың болашаққа алдағы амалдарын белгілеуге, баланың жеке дамуы үшін қажетті жұмыстар жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг енгізілді. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартыжылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелер болып табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы мәліметтер (II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтайды, сондай-ақ, балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады.

I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қаңтарда) жүргізіледі. Аралық педагогикалық диагностиканың жүргізілу мақсаты баланың даму динамикасын анықтау болып табылады.

Қорытынды диагностика II жартыжылдықтың нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейі анықталады және баланың алдағы даму болашағы белгіленеді.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-деңгей – бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алмайды;
- 2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінуге талпынады;
- 3- деңгей – бала өзінің жасай алатынын қолданады.

Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. *Баланың жеке даму картасын* балалармен жұмыс істейтін педагогтар, мамандар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақытында жүргізеді. Топтың Бақылау парағын тәрбиеші мектепке дейінгі ұйым бойынша жинақ есепті құрастыру үшін әдіскерге береді.

Сонымен бірге, педагогтардың таңдаған өзіндік білім көтеру тақырыптарына тоқталатын болсам, өзіндік білім көтеру тақырыптарын үш жылға немесе бес жылға аласыздар. Сол тақырып аясында әр жылы балалармен, ата-аналармен кеңейтілген жұмыс жасап, өздеріңіздің кәсіби біліктіліктеріңізді жан-жақты жетілдіріп отырсыздар. Биыл бір тақырып алып, оны аяқтамай келесі жылы басқа тақырып

алуға болмайды. Өйткені алған тақырыптарыңыздың нәтижесіне жетулеріңіз керек. Ол жылдан-жылға балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұлғайып, соңында бір нәтижеге жетулеріңіз керек.

Портфолио-бұл педагогтың өздігінен білім көтеруде жинақталған құжаттары және оны өзінің кәсіби іс-әрекет нәтижелеріне баға беруі мен саналы түрде ұғынуында пайдалануы. Педагог портфолиосы жеке кәсіби жетістіктерін, тәрбиеленушілерді оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы нәтижелерін, педагогтың білім беру саласына қосқан үлестерін біріктіретін жеке папкасы болып табылады. Портфолио педагогке тәжірибелік іс-әрекет нәтижелерін көрсетуге, өзінің кәсіби құзырлығын бағалауға және өз жұмысына салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан, сіздерде әр жылы портфолиоларыңызды толықтырып, жинақтап отыру арқылы өз-өздеріңізге баға беріп отырасыздар. Сол арқылы, келешекте жасалынатын жұмыстарыңызды жоспарлап алуға мүмкіндік береді. Портфолиоларыңызды реттеп, дайындап қойыңыздар – деді.

#### **Шешім:**

1. Перспективалық жоспар, циклограмма 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Әр педагог өз білімін көтеру тақырыбы аясында жан-жақты жұмыстарды жүргізуді жандандырсын.
3. Шығармашылық жобалар жұмысы жүйеленсін.

#### **Тыңдалды:**

**2 мәселе бойынша:** Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

**Сөйледі:** Әдіскер Тажибекова Гулжан Пернебаевна оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып таңдау керектігі туралы айтты. Педагогикалық тақырыптың өзекті мәселеге байланысты болуы, өзекті мәселенің оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттеріне байланысты және әр педагогтың біліктілік дағдыларына қатысты болуы керек дегенді айтты. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті жаңаша түрде, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды тиімді пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Сондықтан педагогтардың ізденіп, жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылауға алу және оны әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарына енгізу қажет.

**Шешім:** Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жүйелеу.

#### **Тыңдалды:**

**3 мәселе бойынша:** тәрбиеші Нуржигитова Р.А «Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы-мектепке дейінгі білім сапасын көтерудің кепілі» тақырыбында презентация көрсетілді.

**4 мәселе бойынша** әдіскер С.Н.Байболова Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдармен таныстырып өтті.

#### **Тыңдалды:**

**5 мәселе бойынша** Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер Тажибекова Гулжан Пернебаевна алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін денсаулық күніне орай «Әкем, анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін. Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне музыка жетекшісі мен тәрбиешілер сценарилерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді – деп, сөзін аяқтады.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Тажибекова Г.П

**Хатшы:**

Усенова С.М





ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі: С. Мұф Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖОСПАРЫ**  
**Әдістемелік кеңес №2**

Шымкент қаласы

20.11.2023 жыл

№	Қаралатын мәселелер	Жауаптылар
<p style="text-align: center;"><i>Қараша айы</i> <b>Тақырыбы: «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САПАСЫН БАҒАЛАУ»</b> <b>Жүргізілу түрі: конференция</b></p>		
1.	<ol style="list-style-type: none"><li>1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.</li><li>2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту жүйесі»</li><li>3. «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптары»</li><li>4. «<i>Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі</i>» байқауы</li><li>5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттары.</li><li>6. Ағымдағы мәселелер.</li></ol>	<p>Әдіскер: Тажібекова Гулжан Пернебаевна</p> <p>Тәрбиешілер</p>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының әдістемелік кеңес отырысы  
ХАТТАМА №2**

Уақыты: 20.11.2023 жыл

Тақырыбы: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САПАСЫН БАҒАЛАУ.

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Тажобекова Г.П

Хатшы:

Усенова С.М

Қатысқаны: 30

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1.	<p><b>Тақырыбы: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САПАСЫН БАҒАЛАУ.</b></p> <p><b>Жүргізілу түрі:</b> конференция</p> <p><b>7.</b> №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.</p> <p><b>8.</b> «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту жүйесі»</p> <p><b>9.</b> «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптары»</p> <p><b>10.</b> «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауы</p> <p><b>11.</b> Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттары.</p> <p><b>12.</b> Ағымдағы мәселелер.</p>	<p align="center">Әдіскер: Тажобекова Гулжан Пернебаевна</p> <p align="center">Тәрбиешілер</p>
----	--	--

**Тыңдалды:**

Сөйледі: Әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс әрекеттері жүргізіліп жатыр. Педагогтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 Бұйрыққа қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беруде. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде. Өзіндік білім көтеру тақырыптары алынып, жоспары жасалынды, - деді.

Тажобекова Гулжан Пернебаевна әрі қарай «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту жүйесі» тақырыбындағы баяндамасымен жалғастырды. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту –балалардың ойлау, қабылдау, түсіну қабілеттерін дамытып, сөйлем құрап, өз ойларын жеткізе білуге, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Сөйлеу қабілетінің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше екені мәлім. Өйткені, тіл -адамдардың қарым-қатынас жасаушы негізгі құралы, яғни адамның дамып-жетілуінде бірден бір үлкен рөлге ие.

Мектепке дейінгі ұйымдардың бағдарламаларында , баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту мәселесі барлық сабақта жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты –жас ұрпақтың ой-өрісін, сана сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім-дағдыларына үйрету. Сол себепті бала дамуын онтогенез бойынша жетілдіру методикасын негізге алу қажет.

Сенсорлы, сенсомоторлы, перцептивті -моторлы деңгейлер бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту жүйесін құрастырып, қазіргі таңда көптеген нәтижеге қол жеткіздік. Шелебергер мен Вильямстың баланы жан-жақты дамыту пирамидасын әрбір түзете-дамыту бағытында жұмыс жасайтын специалист білуі қажет.

Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналамен белсенді түрде сөздік қарым-қатынас жасайды. Өмірдегі түрлі іс-әрекет жайын білуге құмарта түседі. Баланың өмірлік тәжірибесін дамыту, айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру негізгі міндет болып табылады, деп сөзін аяқтады.



Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж.С.Ибраева, әдіскер С.Н.Байболова «Заттық-кеңістіктік дамытушы органы ұйымдастыру талаптары» тақырыбында жалғастырды.

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойындар, ертегілер, әндер, бейнелер, қиял мен шығармашылық әлемінде өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы керек...«Мектеп жасына дейінгі балалардың қалыпты дамуы мен жетілуіне қажетті дамып келе жатқан органы қалыптастыру керек.

Заттық-дамытушы орта -бұл уақыт пен кеңістікте жүйелі түрде ұйымдастырылған, қажетті заттармен және ойын құралдарымен қамтамасыз етілген эстетикалық, психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені. Мұндай ортада бала белсенді танымдық-шығармашылық іс-әрекетпен айналысады, оның қызығушылығы артады, елестету, ақыл-ой және бейнелеу қабілеттері дамиды, коммуникативті дағдылары қалыптасады, ең бастысы үйлесімді тұлға қалыптасады.

Заттық-дамытушы орта баланың әр алуан іс-әрекетін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен, ойын мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде маңызды рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепке дайындайды және әркімге қажет жеке сапа көрсеткіштеріне алғашқы қадам болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті білім беру ортасы

ерекше рөл атқарады. Оның мазмұны ойынның сипатына, рөлдерді таңдауға және бөлуге, мектепке дейінгі мекемеде дамытудың материалдық ортасына әсер етеді, мектепке дейінгі тәрбие адамның үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып табылады.

Дамыту ортасы — бұл балалардың бастамасын қолдауға арналған, заттар мен ойыншықтарға еркін қол жеткізуді, не істеу керектігін өз бетінше таңдауды және күндізгі уақытта өз идеяларын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әртүрлі материалдардан тұратын орта. Материалдық даму ортасы – баланың психикалық саулығының қауіпсіздігіне, оның даму мақсаттарына және баланың өз бетінше білім алу қабілетінің дамуына оң әсер ететін құрал-жабдықтарды және басқа да құралдарды пайдалануға сәйкес кеңістікті ұйымдастыру. . Балалардың іс-әрекетін мұндай ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін жасайды. Бала көздеген мақсатына жетуге ұмтылады. Дамушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетін, балалардың дене белсенділігін, сондай-ақ олардың жалғыз болу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Даму ортасына мыналар кіреді:

Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды; — инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды; — білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді; — балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта:

— Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;

— балалардың жастарына сәйкес болуы;

-тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;

— балалардың эмоционалды жай-күйі мен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;

— түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс.

Жиһаз бен жабдықтар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, тартымды және балаларды дамытатындай болуы керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ойыншықтары мен ойынға арналған материалдар:

— қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету талаптарына сәйкес болуы;

— баланың дамуына ықпал етуі;

-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес үнемі жаңартылып отыруы, тартымды және сапалы болуы;

— жеткілікті мөлшерде (топтағы барлық балалар үшін), әртүрлі болуы (әр баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра алуы), балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет.

Үлгілік бағдарламаның мақсатында айқындалған әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу үшін мектепке дейінгі ұйымның топ бөлмелерін балалардың қызығушылықтары бойынша орталықтарға бөлу ұсынылады.

Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы – мұнда балалардың жасына сәйкес ойындарға қажетті мынадай материалдар мен ойыншықтар: ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждарын орналастыру ұсынылады.

Театрландырылған ойындарға арналған бұрыш – мұнда шымылдык, ертегі кейіпкерлерінің маскалары, қуыршақ, саусақ, үстел үсті, көлеңке және басқа түрлі театрлар, әртүрі мамандыққа арналған балалар киімдерін, кейіпкерлердің костюмдерін және басқаларды орналастыруға болады, балалармен бірге костюмдер, атрибуттар, декорацияларды әзірлеу ұсынылады.

Сонымен қатар, заттық кеңістік ортасыбалалардың эмоциясына әсер етеді, олардың іс-әрекетке деген ынтасын оятады. Мәселен, спорттық құралдар дене, сауықтыру іс-әрекетіне баулиды, осы әрекеттер барысында баланың өз денсаулығына, гигиенасына, қозғалыс ептіліктері мен дағдыларына деген ұстанымы қалыптасады.

Заттық-дамытушы орта –бала әрекетінің материалдық объектілерінің жүйесі, оның рухани және дене дамуының функционалдық мазмұны. Бұл мектеп жасына дейінгі балалар үшін әртүрлі іс-әрекеттерді қамтамасыз ететін әлеуметтік желілер мен материалдардың бірлігін қарастыратын жүйе.

Қорыта келе, заттық-дамытушы орта – бұл уақыт пен кеңістікте жүйелі түрде ұйымдастырылған, қажетті ойын заттары мен құралдарымен қамтамасыз етілген эстетикалық, психологиялық және педагогикалық жағдайлар кешені. Мұндай ортада бала белсенді танымдық-шығармашылық іс-әрекетпен айналысады, оның қызығушылығы артады, елестету, ақыл-ой және бейнелеу қабілеттері дамиды, коммуникативті дағдылары қалыптасады, ең бастысы үйлесімді тұлға қалыптасады – деді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын (өлшемшарттарын) қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық.

1. Өлшемшарттарды өзін өзі бағалау құралы ретінде қолдану бақылау арқылы арқылы жүргізіледі және әр көрсеткішке баға беріледі.

2. Балалардың көбі қатысып отыратын белсенді кезеңді бақылау арқылы қажетті ақпараттарды толығырақ жинақтауға болады. Бұл ретте ойын уақытын толық бақылау ұсынылады. Себебі, не болатынын бақылап, балалардың бәрі тәжірибе алатын-алмайтынын қадағалау маңызды. Сол арқылы өлшемшарт көрсеткіштеріне шынайы балл қоя аламыз.

3. Өлшемшарттармен бағалау кезінде педагогтермен немесе қызметкерлермен жүргізілген сұхбат, пікірлер балл қоюға әсер етпеуі тиіс, себебі бақылау деректеріне сүйену ұсынылады.

4. Көрсеткіштерге балл қоярдан бұрын мұқият бақылау ұсынылады. Ол үшін үздіксіз бақылау немесе күн тәртібіне сәйкес әртүрлі уақыттағы қысқа бақылаулардың нәтижесін алуға болады. Одан бөлек, бақылау кезінде байқап үлгермейтін көрсеткіштер бойынша да қосымша уақыт бөлу керек.

5. Педагогикалық процесс бойынша бақылау деректерінде Стандартта көрсетілген кіріктіріліп өткізілетін ұйымдастырылған әрекет түрлерінің қамтылуы мен сапасына мән берілуі қажет.

6. Тиісті көрсеткіштерге балл қоярдан бұрын, тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасының іске асырылуы бойынша алған ақпаратыңыздың толықтығына көз жеткізіңіз. Ол үшін Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес педагогтің күн сайын уақыт бөлетін әрекет түрлерін бақылауды ұмытпаңыз.

7. Балалар пайдаланатын арнайы материалдар әкелінді ме немесе топта болды ма, сонымен бірге олар қанша уақыт балалардың пайдалануы үшін қолжетімді болғаны маңызды. Жалпы балаларға арналған ойыншықтар мен құралдардың үнемі қолжетімді болғаны есепке алынады. Егер педагог оларды белгілі бір мақсатты ойынды ұйымдастыру кезінде пайдаланған болса, ойын аяқталғанша балаларға қолжетімді болуы керек.

8. Қимылды ойындар мен балалардың белсенділігіне бөлінген уақыт күніне 1-1,5 сағаттан кем болмауы керек.

9. Балалардың режимдік сәттер мен бір әрекет түрінен екіншісіне ауысуы арасындағы күту уақытының ұзақтығы жалпы күн бойындағысын қосып есептегенде 10 минуттан аспағаны жақсы көрсеткіш болып саналады.

10. Өлшемшарттарды қолдану үшін бақылау жүргізу мектепке дейінгі ұйымның, педагогтың жұмысына, балалардың іс-әрекетіне кедергі келтірмеуі тиіс. Бөгет жасауға болмайды, қажетті ақпарат алуға ыңғайлы сәт келгенше күту қажет. Ашық сәреде көрініп тұрған материалдарды тек өзгелерге бөгет болмасаңыз ғана жақындап көруге болады.

11. Гигиена мен қауіпсіздік көрсеткішін есептегенде мемлекет деңгейінде бекітілген стандарттар мен Үлгілік қағидалардың талаптарын балл қойғанда ескеру қажет.

12. Тамақтану/жеңіл тамақтану кезінде берілетін тағамдардың қоректік құрамы бекітілген нормаларға сәйкес болады. Бақылау кезінде балаларды тамақтандыру кезінде сақталуы тиіс талаптардың орындалуына назар аударылады. Балалар кезекшілік атқарып, көмектесулері мүмкін.

13. Бағалау қорытындысын кіші көрсеткіштер бойынша да, жалпы барлық бағалау параметрлері бойынша да орташа баллды есептеу арқылы шығаруға болады.

14. Көрсеткіштердің әрқайсына 10 балл қойылады. Орташа бағаны шығару үшін әр көрсеткішке қойылған бағалардың қосындысын бағаланған көрсеткіштер санына бөлу керек. Жалпы орташа баға дегеніміз – өлшемшарттағы көрсеткіштердің бәріне қойылған балдардың қосындысын бағаланған көрсеткіштер санына бөлгенде шығатын баға.

15. Жеткілікті ең төменгі деңгей 5 балл, жақсы сапа көрсеткіші 7 балл, толық сәйкестік 10 балл болып есептеледі. Өлшемшарт көрсеткіштеріндегі негізгі терминдердің түсіндірмесі Қолжетімді – балалар сол материалды, жабдықты, жиһазды ала алады, пайдалана алады деген сөз. Материалдардың балаларға қолжетімді болуына кедергі болмауға тиіс. Кедергі физикалық болуы мүмкін, мысалы, жиһаз бөлмеде бөгет болып тұрғандықтан, материалды ала алмауы, ал материал контейнерде тұрса, қақпағы оңай ашылмауы мүмкін. Материалдардың балаларға қолжетімді болуына педагог/қызметкерлердің қадағалауы да кедергі болуы мүмкін, мысалы, балаларға «жабық» деуі, сәредегі кей нәрсені алма деп үйретуі, балаларды топқа бөліп, өзі таңдаған нәрсені алуына, еркін жүріп тұруына бөгет болуы мүмкін.

Материалдар қолжетімді болатын уақыт деп балалардың бәріне қолжетімді және оған кедергі жоқ кез, мысалы, өзге балалар сол материалдарды пайдаланып жатқан кезде тамақ ішіп отыруға не топтық серуенде жүруге мәжбүр болмайтын кез айтылады. Материал қолжетімді деп санау үшін сол уақыт ішінде әр балаға қолжетімді болуы міндет емес, бірақ оны алғысы келген кез келген бала емінеркін пайдалана алуы керек. Мысалы, белгілі бір жерде немесе белгілі бір уақытта қайсыбір балалардың ғана қолында болуы мүмкін. Материал балаларға қолжетімді деп санау үшін ол материал кіші (3-ке толмаған) балалардың өзіне 10 көрініп тұруға тиіс. Ал материал жабық жерде тұрса, үлкенірек балаларға (4-5 жастағылар) қолжетімді деп, тек оны емін-еркін ала алса саналады.

Қызығушылық - балалар педагогтың ұйымдастырған жұмысына, ойынға немесе ортаға, ойыншыққа т.б. қызыққанын және әуестенгенін білдіреді. Мұны жай ғана жақсы мінез-құлықтан ажырата білу керек. Балалар емін-еркін отыра алады, педагог/қызметкердің бетіне жасқанбай қарай алады, бірақ ойынға немесе басқа әрекет түріне аса қызыға қоймауы ықтимал. Балалардың қызығуы жылдам жоғалуы мүмкін (мысалы, аяқкиімімен, қасындағы баламен ойнап кетуі мүмкін), содан соң қайта қызығушылық танытуы мүмкін, бірақ бағалайтын кезде оған көп мән беруге болмайды. Бағалаған кезде баланың қызықпауына педагог/қызметкердің жағымсыз көзқарасы әсер еткен-етпегенін барынша ескеру керек.

Қол гигиенасы. Баланың қолы кір екені көрініп тұрса, оны алдымен жуып алу керек, әсіресе қатты кір болса, 10–20 секунд ұзағырақ сабындау керек. Бактерияға қарсы сабынды қолдануға болмайды. Сурет салуға арналған кейбір сенсорлық

материалдарды пайдаланатын балалар ойын алдында да, ойнап болған соң да қолын жууға не нұсқаулыққа сәйкес санитайзермен тазалауға тиіс. Микроб құрғақ материалға қарағанда ылғал материалдан көбірек тарайды. Мысалы, түрлі-түсті қарындашты пайдаланса, қолды тазалау керек болмас еді, ал екі бала бірге ермексаздан, құмнан бірдеңе істесе немесе саусағымен сурет салса, қолын жуу керек. Сол сияқты құрғақ құммен ойнар алдында қолды тазалаудың керегі жоқ (бірақ ойнап болған соң тазалау керек), ал суға құм илеп, бірге ойнаса, ойнар алдында да, ойнап болған соң да қолын жуып тазалауы керек. Баланы тамақтанар алдында дастарқанға қолын жуып отыруға үйрету қалыптастырылады.

Жеке үйрету дегеніміз – топтағы балалардың қабілеті, қажеті мен қызығушылықтарына қарай жеке жұмыс жасау; әр балаға жеке көңіл бөліп, оның әр тапсырманы орындай алу немесе тапсырманы түсіне алу қабілетін анықтау; әр баланы мақтап, қолдау; баланың қабілеті мен қызығушылығына сәйкес стратегияларды қолдану; баланың тапсырманы қалай орындағанын бағалау. Негізі мұның бәрі бейресми жағдайда істеледі және бағыт беріп үйрету стратегиясы көп қолданылмайды. Сондықтан бақылау кезінде педагогтердің/қызметкерлердің балалармен қарым-қатынасындағы елеусіз тұстарды мұқият қадағалау керек. Қай әдісті қолданса да, балалардың бәрі бәрін бір уақытта істеуі керек деп ойлауға болмайтынын түсіну маңызды. Бақылаушы ересектеу және көбірек үйренген балалардың едәуір күрделі машықтары да ересектер тарапынан қолдау табатынын ескеруге тиіс. Тіпті шағын топтардың өзінде балалардың қабілеті түрлі деңгейде болатынын ескеру керек. Бақылаушы үйрену барысы баланың қабілетіне сай не сай емесін және дұрыс не дұрыс емесін білу үшін әр баланың жетістігін бақылап отыруға тиіс. Тіпті балалардың бәрінен бір нәрсе, айталық, бөлмеге кіргенде өз атын айта алуы күтілетін болса да, ол үйрету әр балаға жеке өткізілетін- өткізілмейтінін 11 анықтау үшін, әр бала тапсырманы жақсы орындай алатын деңгейді анықтауы керек. Әдетте балалар қай материалды пайдаланатынын өзі таңдап, өз мүмкіндігіне сай пайдаланатын еркін ойын кезінде, үйрету бағдарламасында жеке үйрету көрсеткіші бар-жоғы көрінеді. Дегенмен жеке үйрету тәрбиеші мен баланың ойын барысындағы өзара қарым-қатынасынан, сондай-ақ балаларға пайдалануды үйрететін материалдардан көрініп тұруы керек. Педагог/қызметкер 4-5 жасар балаға қол моторикасын дамыту үшін материалдар ұсынып, күрделірек тапсырма беріп, ойын барысында математика мен сауат ашуына көбірек назар аударуы мүмкін. Ал одан кішірек балаларға педагог/қызметкермен ойын туралы сөйлескен оңайырақ, сондықтан оларға ойын түріндегі тапсырмалар беруі керек. Ойын аймағы дегеніміз – балаларға түрлі ойын материалдары қолжетімді аймақ.

«Қызығушылық орталығы» дегеніміз – белгілі бір ойын түрлеріне арналған арнайы белгіленген аймақ. Материалдар типіне қарай бөлініп, балаларға қолжетімді жерге қойылады. Материал пайдалануға қажет жиһазбен қамтамасыз етілуге тиіс. Материалдарды пайдаланып ойнайтын ойындарға белгілі бір орын бөлінеді, балалар саны мен материал саны соған сай болады. Текше құрастыру мен рөлдік ойындар белсенді ойын түрі саналады, сондықтан бұларға арналған қызығу орталығы кітап пайдалану, қол моторикасын дамыту, жаратылыстану сияқты бағдарламаларға арналған аймақтарға қарағанда үлкенірек болуы керек.

«Қызығушылық орталығы» анықтамасының талаптары сақталмаса, онда оны тек ойын аймағы ретінде бағалау керек. «Қызығушылық орталығы» – ойын алаңдарының арнайы, нақты бөлінген түрі. Егер қызығушылық орталығында оған лайық емес бір-екі материал тұрса, оған назар аударыңыз: ол материалдар қызығу орталығының мақсатына кедергі келтірмесе ғана оны есепке алыңыз. Мысалы, оны пайдалануға арнайы бос орын керек немесе қызығушылық орталығындағы тыныштықты бұзатындай болмаса – зияны жоқ.

Педагогтер/қызметкерлер әдетте балалармен тікелей жұмыс істейтін персонал құрамына жатады. Бір топта әдетте бірнеше педагог/қызметкер болатындықтан,

бағалау шкаласында педагог/ қызметкер сөзі көпше түрде қолданылады. Әр педагог/қызметкердің іс-әрекеті әртүрлі болғанда, жалпы әр қызметкер балаларға қалай әсер ететініне қарап бағалау керек. Мысалы, бөлмеде педагог/қызметкерлердің бірі әңгімешіл, ал өзгесі сөзге сараң болса, балалардың сөйлесу қажетін педагог/қызметкерлер жалпы қаншалықты өтей алатынына қарай бағаланады. Кез келген өзара қарым-қатынас түрі мәселесінде «педагог/ қызметкер» әрдайым топ бөлмесіндегі және әрдайым (күн сайын) көп уақытын балалармен бірге өткізетін ересек адам саналады. Олардың қатарына әрдайым топ бөлмесінде болатын еріктілерді де жатқызуға болады. Бұл көрсеткіштің талабы қаншалықты орындалғанын бағалау кезінде топ бөлмесінде аз ғана уақыт 12 болатын немесе күн сайын бола бермейтін ересек адамдарды қосуға болмайды. Мысалы, медбике, ата-ана немесе мектепке дейінгі ұйым басшысы топ бөлмесіне кірсе және аз уақыт балалармен өзара қарым-қатынас жасаса, бағалау кезінде оны ескермейсіз, тек сол өзара қарым-қатынас балаларға жағымсыз әсер етсе ғана ескеру керек.

**ҚОРЫТЫНДЫ** Зерттеу нәтижелері негізіндегі сапаны бағалау өлшемшарттарын өзін өзі бағалау құралы ретінде енгізу мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ішкі мониторинг жұмыстарын жетілдіруді көздейді. Сол арқылы мектепке дейінгі ұйымдар өздерінің білім беру қызметтерінің сапасын кешенді бағалай алады және қажетті жұмыстарды нақты анықталған бағытта жүргізеді. Сонымен қатар, процесті қадағалап отыруға ықпал етеді және мектепке дейінгі ұйымдардың жауапкершілігін арттырады. Өлшемшарттардың ішінде баланың қоршаған ортасы мен педагогикалық процестің жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін индикаторлардың болуы тәрбиешілердің баланың қызығушылығын қаншалықты қолдайтынын, оған жеке көңіл бөлуін және үйлесімді дамуына жағдай жасалуын зерделеуге көмектеседі. Мектепке дейінгі білім сапасына, баланың әл-ауқаты мен көңіл-күйіне, оның дағдыларын дамытуға қаншалықты көңіл бөлінетінін анықтау өте маңызды және қажетті өзгерістерге негіз болатын деректерді жинауға мүмкіндік береді, - деді.

5 мәселе бойынша Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Денсаулық күніне орай «Әкем, анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін. Қараша айында «Алтын күз» мерекесіне музыка жетекшісі мен тәрбиешілер сценарилерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Тажобекова Г.П

**Хатшы:**

Усенова С.М





ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
менгерушісі:

*С. Мұф*

БЕКІТЕМІН  
Сыздықбекова Ж.С.

**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖОСПАРЫ**  
**Әдістемелік кеңес №3**

*Шымкент қаласы*

*15.10.2024 жыл*

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<i>Қаңтар айы</i> <b>Тақырыбы: «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖЕТІЛДІРУ»</b> <b>Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел</b>		
1	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер: Тажибекова Гулжан Пернебаевна, тәрбиешілер, саз жетекшісі
2	Ағымдағы мәселелер.	
3	«Отбасы әлеуметтік институтының бала тәрбиесіндегі рөлі»	
4	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар	
5	"Үлгілі отбасы - мәңгілік елдің тірегі" отбасылық байқау	
6	«БАҚ беттеріне жариялануы»	

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының әдістемелік кеңес отырысы  
ХАТТАМА №3**

Уақыты: 15.01.2024 жыл

**Тақырыбы: «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ  
БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ  
ЖЕТІЛДІРУ»**

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Тажобекова Г.П

Хатшы:

Усенова С.М

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1.	<p align="center"><b>Тақырыбы: «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖЕТІЛДІРУ»</b></p> <p align="center"><b>Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел</b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.</li><li>Ағымдағы мәселелер.</li><li>«Отбасы әлеуметтік институтының бала тәрбиесіндегі рөлі»</li><li>«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар</li><li>"Үлгілі отбасы - мәңгілік елдің тірегі" отбасылық байқау</li><li>«БАҚ беттеріне жариялануы»</li></ol>	<p align="center">Әдіскер: Тажобекова Гулжан Пернебаевна, тәрбиеші лер, саз жетекшісі</p>
----	--	---

**Тыңдалды:** №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** Әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна инновациялық тәсілдерді дұрыс қолдана білу туралы кеңестер уақытылы беріліп, тәрбиешілер ұйымдастырылған іс әрекеттерінде, мерекелік шараларда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып жүр. Педагогтар әлі де толықтырып, жандандыру қажет. Бұл тәрбиеленушілердің тапсырманы толық меңгеруіне көмектеседі,-деді.

**Шешім:** Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.

**Сөйледі:** Әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна күн тәртібіндегі **3-ші мәселе бойынша** сөзін жалғастырды: Статистикаға сүйенсек, Қазақстанда неке құрған әрбір үшінші отбасы ажырасып кетеді екен. Осыған орай елімізде екі жақты татуластырумен қатар бүгінде отбасын қолдау орталықтары жұмыс істейді. Алайда мұндай орталықтың барынан тұрғындардың көбі хабарсыз. Жуырда елордада таныстырылған «Қазақстандық отбасылар-2022» ұлттық баяндамасында осы секілді бірқатар мәселе қамтылған.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ басқарма төрағасы Нұрбек Матжанидің мәлімдеуінше, респонденттердің 70%-дан астамы отбасын қолдау орталықтарының қызметтерін пайдаланбаған, 19,3%-ы сауалдамадан алғаш рет олардың бар екендігі туралы білген және тек 7,1%-ы ғана осы орталықтарға жүгінген. Әсіресе Отбасын қолдау

орталықтарының бар екендігін Түркістан облысы, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе облыстары мен Алматы қаласының тұрғындары білмейтін болып шықты.

Айта кетейік, Ұлттық баяндама ел тұрғындары арасында жүргізілген сауалдама аясында және осыған дейін жасалған түрлі зерттеулердегі деректер мен материалдарды сараптау арқылы әзірленген. «Мұндай әдістер отбасы институтындағы, отбасы саясатындағы кең көлемде жинақталған мәселелерді жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді», дейді зерттеуші мамандар.

Сонымен қатар сауалдама отбасында балаларымен көп уақыт өткізетін әйелдер (44,5%) екенін көрсетті, ал ерлердің үлесі 25,6% ғана. Қоғамда қазір кеңінен талқыланып жүрген әкелер институтының мәселелері бойынша респонденттердің 54,1 пайызы «бала тәрбиесіне қатысқаннан гөрі, әкенің отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз еткені маңызды» деп жауап берген.

– Әрине, отбасы материалдық тұрғыдан жеткілікті болуы қажет, алайда бала тәрбиесіндегі әке рөлі екінші орында қалып қойып отыр. Сондай-ақ қоғамда жалғызбасты аналар мен жалғызбасты әкелер де бар, оған қоса ерекше балаларды, науқас балаларды өсіріп отырған егде жастағы және жас әкелер де бар. Бұл әкелерге де психологиялық, ақпараттық, медициналық, әлеуметтік-экономикалық көмек қажет деп есептейміз. Десе де қазақ отбасыларда ер адам отағасы болып саналатын дәстүрлі салт сақталады. Бұл жерде айта кетерлік жайт, ата-аналар үй шаруасын бірлесіп орындайды. Бұл бала күтіміне, бюджетті бөлуге және басқа да әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге қатысты. Ал бала тууды жоспарлау бойынша сауалдамаға қатысқан қазақстандықтардың 73,5%-ы бала тууды жоспарлау қажет деп санайды, 15,2%-ы жоспарлаудың қажеті жоқ деп есептесе, 11,3%-ы бұл сұраққа жауап бере алмаған, – деді.

– Ұл-қыздарымыз ана тілін, ата-баба тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейді. Мұның салдары тастанды, жетім, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, ажырасу, суицид, айта берсек, толып жатыр. Неге осындай жамандық атаулы көбейіп кетті?! Өйткені қазір ұлттық дәстүр мен рухани құндылықтарымыздың ахуалы алаңдатарлық күйде. Өскен ұясында отбасылық дәстүрден рухани нәр алған, ұлтжандылыққа тәрбиеленген, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін ұрпақ ешқашан жаман нәрсенің жетегінде кетпейді. Ажырасулардың кесірінен қанша бала толық емес отбасыларда тәрбиеленіп жатыр. Бұл – жай ғана жалаң цифр емес, бұл қазіргі қоғамдық дерттің көрсеткіші. Бұл көрсеткіштің артында қанша адамның тағдыры тұр. Қанша сәбидің көз жасы тұр. Әкесіз тәрбиеленген ұрпақтың жарымжан тағдыры тұр. Мұндай мәселеге қоғам болып жауаптымыз, – деді М.Р.Нүрпеисова.

– Әрине, дамыған елдерге ұқсағымыз келеді, бірақ «жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренетін» тұстары да аз емес. Біз қазір Жапонияның технологиясы мықты деп таңғаламыз. Ал сол жапондардың экономикасы алдымен отбасы экономикасынан басталатындығына мән бермейміз. Олар баланы сәби кезінен еңбекке баулиды, ал еңбектен білу, зор өркениетке жеткізеді. Біздің ата-бабаларымыз ұрпағын еңбекке тәрбиелемеді ме? Үлгі тұтып, біреуге тамсанғанша, өзіміздің түп-тамырымызға үңілейік. Бабаларымыз «Атадан бала тусайшы, ата жолын кусайшы» деп ұрпағына атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан. Атасы немересіне жыл маусымы ауысуымен көштің қалай, қайда көшуін, суды қайдан тауып ішетінін, жеті атасын білуі, ел батырларының ерлік хикаяларын әңгімелеп, адамды жақсы ететін де, жаман ететін де тәрбие екенін жастайынан баланың бойына сіңірген. Бесігінен сіңген тәрбиенің маңызын білген. Қараңыздаршы, ешқандай жоғары білімі жоқ ата-бабаларымыз қандай ұрпақ тәрбиелеген?! Біз қазір білімдіміз, екінші бірінде жоғары білім, тіпті доктор, профессорлық дәреже бар. Ал ұрпағымызды қалай тәрбиелеп жүрміз? Кейде ата-аналар «жұмысбастымыз, баламен сөйлесуге уақыт жоқ», деп жатады. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Үй шаруасымен айналысып жүріп-

ақ баламен сырласуға болады, – деді меңгеруші Сыздықбекова Жупаркуль Саттаровна.

**Әрі қарай 4-ші мәселе** бойынша әдіскер Тажибекова Гулжан Пернебаевна «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсыныммен таныстырып өтті.

Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен отбасының өздеріне тән ерекше қызметтері мен өз орны бар. Алғашқы педагогтер ата-аналар болып табылады. Олар балалық шақта баланың жеке басының адамгершілік, физикалық және зияткерлік дамуының негізін құруы тиіс. Мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды, жеке дамуы үшін ересектермен үнемі бірлескен іс-әрекет қажет, ол тек отбасының баланың білім алуына қатысқанда ғана мүмкін болады. Отбасы осы қызметте белгілі бір орны бар тәрбиелеу - білім беру іс-әрекетіне жеке-тұлғалық қатысы бар субъектіге айналады. Педагогтер мен ата-аналар ынтымақтастығының негізгі тәсілдерінің бірі бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру, оны жнзеге асыру кезінде ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қатысады және тәрбиелеу- білім беру процесінің белсенді қатысушы бола алады. Субъектілердің өзара іс-әрекеті табысқа қол жеткізудің белгісі болып табылады, ол мақсаттардың сәйкестігімен, өзара іс-қимылға қатысушылар арасында рөлдер мен қызметтердің бөлінуімен сипатталады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшылығы мен педагогикалық ұжымы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен отбасының өзара іс-қимылының бастамашысы болуы тиіс, ол ншін «педагог – бала – ата-ана» жнйесінде қарым-қатынас жнйесін құру ншін психологиялық-педагогикалық технологияларды меңгеру қажет.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдарының өзектілігі : «Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие.

Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның кнш-жігерін біріктіру қажет»-деген тұжырымдармен айқындалған.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты ата-аналардың баланың даму процесіне тарту мен қызығушылығын арттыру бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Міндеттері: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша негізгі тәсілдерді ашу; балабақшалардың тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналардың қатысу мүмкіндіктерін айқындау; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-аналарды тарту бағыттары мен нысандарын сипаттау болып табылады. Жұмыстың мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту бағыты мектепке дейінгі білім беру ұйымы ұжымы тарапынан ерекше дайындықты, сондай-ақ ата-аналардың балаларымен бірге педагогтерден нйренуге, педагогтермен бірге балаларын үйретуге деген ұмтылысын талап етеді – деді.

Күн тәртібіндегі **5-ші мәселесі** "Үлгілі отбасы - мәңгілік елдің тірегі" тақырыбындағы отбасылық байқаудың ертең, яғни 16.10.2023 жылы сағат 10:00 де музыка залында өтілетіндігі хабарланды.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Тажибекова Г.П

**Хатшы:**

Усенова С.М



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
менгерушісі: С. Мұф Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖОСПАРЫ**  
**Әдістемелік кеңес №4**

Шымкент қаласы

25.03.2024 жыл

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<i>Наурыз айы</i> <b>Тақырыбы: «БІЛІМДІ ҰЛТ» САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ»</b> <b>Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел</b>		
1.	№3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер: Тажибекова Гулжан Пернебаевна Тәрбиешілер Тіл маманы
2.	«Алаңдағы бестемше»	
3.	«Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы жас ұрпақтың бойына, ұлттық құндылық пен ұлтжандылық тәрбиені қалыптастыру	
4.	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие беру	
5.	«БАҚ беттеріне жариялануы»	
6.	Ағымдағы мәселелер.	

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының әдістемелік кеңес отырысы  
ХАТТАМА №4**

**Уақыты:** 25.03.2024 жыл

**Тақырыбы:** «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ  
БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ  
ЖЕТІЛДІРУ»

**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

**Тажобекова Г.П**

**Хатшы:**

**Усенова С.М**

**Қатысқаны:** 10

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібінде:**

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Алаңдағы бестемше»
3. «Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы жас ұрпақтың бойына, ұлттық құндылық пен ұлтжандылық тәрбиені қалыптастыру
4. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие беру
5. Ағымдағы мәселелер.

**1.Тыңдалды:** №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** Әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бақылауға алынып, балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны анықталды. Вариативтік компонент бағдарламалары күннің екінші жартысында кестеге сай жүргізілуде

**3. «ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІСІ» ЖОБАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНА, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.** Бұл жобаның тәжірибелік маңыздылығы мектеп жасына дейінгі балаларды ертегі арқылы бала тілін дамыту мен қазақ халық ертегілерін тыңдау арқылы, балаларды туған өлкенің дәстүрлі мәдениет іне баули отыра, тәрбиешілермен олардың ата-аналарының тілдік құзызыреттіліктерін дамыту үшін мектепке дейінгі тәрбие мен сапасын басқару бойынша моделін құрып, балалардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін ашу.

Барлық уақытта ертегі, позитивті тұлғааралық қатынастардың, әлеуметтік дағдылардың және мінез-құлық дағдыларының, сондай-ақ баланың ішкі әлемін анықтайтын адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал етті. Сонымен қатар, ертегі баланы дамытуда әрдайым педагогтер мен ата-аналар үшін қол жетімді құралдардың бірі болып қала береді. Ертегі, оның құрылымы, жақсылық пен жамандықтың айқын қарамақайшылығы, фантастикалық және моральдық мәні бойынша анықталған бейнелер, экспрессивті тіл, оқиғалар динамикасы, мектеп жасына дейінгі баланы түсінуге болатын ерекше себеп - салдарлық байланыстар мен құбылыстар - осының бәрі ертегіні балалар үшін ерекше қызықты етеді, баланың адамгершілік дені сау тұлғасын қалыптастырудың таптырмас құралы. Бұл жобаның тәжірибелік маңыздылығы - ертегі бала өмірінің маңызды жетекшісі екендігіне негізделген. Мектепке дейінгі жастағы баланың өмірінде әлеуметтік –

жеке дамуда терең өзгерістер болады. Бұл баланың қандай да бір түрде бейнеленген жағдайларға төтеп беруге, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне ақылмен қарап, олардың қуаныштары мен қайғыларынан немқұрайлықпен қарамауға үйретеді. Мұндай белсенділік баланың рухани өмірінің аясын кеңейтеді, оның ақыл-ойы мен адамгершілік дамуы үшін маңызы зор. Осылайша, ертегі – баланың толық дамуы үшін қол жетімді құралдардың бірі болып табылады. Өкінішке орай, бүгінгі таңда біздің балаларымыз әжелеріміз айтқан ертегілерді тыңдау арқылы емес, заманауи мультфильмдерде тәрбиеленуде. Ата-аналардың көпшілігінде баламен бірге отыруға және кітап оқуға уақыты жоқ. Балалар психологтары бұл балаларды тәрбиелеудегі ересектердің үлкен қателігі деп санайды. Ата – әжелер тек қана «ата-анасының әке, шешесі ғана емес». Ол кісілермен немерелері қарым-қатынас жасауда ұрпақ жалғасын сезінуге мүмкіндік алады, үлкен өмірік тәжірибесін, сезінуге отбасы рухымен танысып, оның дәстүрлерін жалғастырады. Ата-әжелері тәрбиелеуге қатысатын балалар оқуда әлдеқайда сәтті, агрессияны сирек көрсететіні және жалпы «дұрыс» сипатқа ие екендігі бұрыннан байқалады. Сонымен, қарт адамдардың немерелерімен байланысын бағаламауға болмайды. Өкінішке орай, патриархалды отбасының үшінші ұрпағы - өткеннен шыға алмаған отбасы деп ойлауға болады. Олай дегеніміз, мәдени дәстүрлерді сақтау жолдары ақпарат беру де өткенде қалып қойған. Отбасының дәстүрлерін ұрпақтан – ұрпаққа жеткізетін жоктың қасы. Сонымен қатар ата-аналар бала өздерінің балалық шақта ойнаған ойындарды балаларымен ойнамайды, ертегі оқымайды. Осындай жағдайда біз ұрпақтардың бірлескен шығармашылығы арқылы байланыстырушы буын болуға тырыстық. Адамдар әңгімелермен алмасуға бейім. Тарих алмасу, өмірлік тәжірибе алмасу сияқты, адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің табиғи түрі. Тиісінше, ертегі - бұл қарым - қатынас пен тәжірибенің табиғи түрі, жаңа ұрпақтарды тәрбиелеудің органикалық жүйесі. Айта кету керек, әжелердің ертегілері - бұл адамның даналығы, тәжірибесі, адам санасы мен санасезімі жұмысының нәтижесі. Сондықтан ертегілерде адамның өмір бойы саналы және бейсаналық проблемалары көрсетілген, сонымен қатар осы мәселелерді шешу үрдісі көрсетілген. Шынында да, ертегі – бұл балаларды адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеудің ежелгі құралдарының бірі. Олар ересек қоғамның болашақ мүшелерінің мінезқұлық стереотиптерін қалыптастырады. Сондықтан біз балаларымыздың дамуы мен тәрбиесіндегі қазақ халық ертегілеріне біраз уақыт бөлуді шештік. Осылайша, жобаның таңдалған тақырыбының өзектілігі келесі тармақтарға байланысты: мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының қалыптасуындағы халық• ертегілерінің маңызы (сөйлеу, зияткерлік, адамгершілік, көркемдік, шығармашылық даму); жобаның белгіленген тақырыбының нашар өңделуі;• көркем әдебиетпен таныстыру бойынша көркем сөйлеу мен міндеттердің• төмен даму деңгейі. деді.

1. Келесі «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие беру» тақырып бойынша әдіскер сөзін жалғастырды. Қай елде, қай заманда, қай қоғамда болмасын ұлттың қорғаны, саналы ұрпақ тәрбиелеу – әр адамзаттың ұлы міндеті. Ұрпақ тәрбиесі - толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске толы ұлтқа, елге бөлінбейтін ортақ мәселе. Келешектің жарқын келбетін құру - бүгінде басты назарда екендігі шүбәсіз. Сол себепті болашақтың иелерін рухани тұрғыдан, материалды тұрғыдан жетілдіру, ақыл мен санасын толық дамыту, әр түрлі саланың қыр-сырларын меңгерту арқаға

жүктелген міндет екендігі айдан анық. Қазақтың ойшылы М.Жұмабаев: «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ», - дегендей баланы қазірден жақсылыққа, елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелесек, еліміздің, ұлтымыздың болашағы да жарқын болмақ. Бала тәрбиесі зор күш пен еңбекті талап ететін, жауапкершілікке сүйенетін күрделі іс. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру – маңызды мәселелердің бірі. Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрасы мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау – басты міндетіміз. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан, халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын, пайдалы азамат шықпайды», - деген сөзі еске түседі.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ол өзіне адамгершілікті, сыйластықты, имандылықты, кішіпейілділік пен ізеттілікті, мейірімділік пен досжандылықты, мәдениеттілік пен руханилықты қамтыған орны толмас құндылық – деп сөзін аяқтады.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Тажибекова Г.П

**Хатшы:**

Усенова С.М





ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
менгерушісі: С. Миф

БЕКІТЕМІН

Сыздықбекова Ж.С.

**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЖОСПАРЫ**  
**Әдістемелік кеңес №5**

*Шымкент қаласы*

*20.05.2024 жыл*

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<p style="text-align: center;"><i>Мамыр айы</i></p> <p style="text-align: center;"><b>Тақырыбы: «ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ»</b></p> <p style="text-align: center;"><b>Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел</b></p>		
1.	№4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер: Тажібекова Гулжан Пернебаевна әдістемелік бірлестік жетекшілері
2.	Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау	
3	Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау	
4	Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер	

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының әдістемелік кеңес отырысы  
ХАТТАМА №5**

**Уақыты:** 20.05.2024 жыл

**Тақырыбы: «ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ»**

**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

**Хатшы:**

**Қатысқаны:** 10

**Қатыспағаны:** 0

**Тажобекова Г.П**

**Усенова С.М**

**Күн тәртібінде:**

**1.Тыңдалды:** №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

**Сөйледі:** Әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна мектепке дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың бағдарламасының және стандарт талаптарының орындалуы бойынша жұмыстар бақылауға алынып, балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқаны анықталды. Вариативтік компонент бағдарламалары күннің екінші жартысында кестеге сай жүргізілуде. Мамыр айында өтетін балабақшамен қоштасу кешінде балалар ертегіні сахналап қойып беруге дайындалуда,-деді.

**Шешім:** Өткен әдістемелік бірлестік отырысының шешімі қанағаттанарлық деп танылсын.

**2.Тыңдалды:** Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау

**Сөйледі:** Әдіскер Тажобекова Гулжан Пернебаевна елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» деген болатын. Иә, елбасымыз айтқандай жас жеткіншектерді тәрбиелеу жұмысының негізі ең алдымен отбасында қаланып, сонан соң балабақшада жалғасатыны белгілі. Бүгінгі жас ұрпақ болашағының ірге тасының берік қалануы үшін, балабақшада берілетін білім мен тәрбиені дұрыс қалыптастыру өз қолымызда. Біздің басты мақсатымыз: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, білім салаларында білім алу күзiреттiлiктерiн қалыптастыру. Сапалы білім беру жүйесінің ең алғашқы сатысы-мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу болса, баланың алғашқы құрылым институты отбасы болып саналады. Отбасы тәрбиесінің басты ерекшелігі балаға байланысты ең ерекше эмоционалық қатынасты қалыптастырады, өзіне деген сенімділігін арттырады. Ата-ананың көрсеткен үлгісі, жеке тұлғалық дамуы отбасы тәрбиесінің нәтижесіне әсер етеді, баланы жан-жақты дамыту жүйесінде балабақша мен отбасының өзара байланысын анықтайды. Бөбекжайда қазіргі таңда 294 бүлдіршін тәрбиеленіп, білім алууда. Тәрбиеленушілерге тәлім-тәрбие беру жолында арнаулы және жоғары білімді педагогтар жұмыс істейді. Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысы негізінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік» бағдарламасымен жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 7 топ мемлекеттік тілде, 5 топ орыс тілінде жұмыс істейді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру өнегелі әдептерге үйретудегі жаңа технология әдіс-тәсілдерімен ойын түрлері арқылы жүргізілген тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Бөбекжай оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын жасап, бекітіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқарды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім

беру стандарты негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы топтарда жүзеге асырылуда. Бес білім беру саласымен жұмыс жасау елеулі нәтижелер берді. Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, тәрбиешілерге және жас мамандарға арналған кеңестер жүргізілді. Әрбір топтағы тәрбие, білім беру-өнегелі әдептерге үйретуде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер мен ойын түрлері арқылы жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесін беруде. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін, танымдық қажеттіліктерін, тәрбиелеумен оқыту үрдісін ұйымдастыру іс-әрекеті барысында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануларын қамтамасыз ету, өз бетімен ізденулеріне қолдау көрсету мақсатында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында пактукум-кеңес, «Баланың шығармашылық қабілетін жетілдіруде эстетикалық тәрбиенің ролы» диалог-кеңес, «Бөбекжайда педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерін дамытуды өздігінен білім алу жағдайында іске асыру», «Ұрпақ тәрбиесі-ел болашағы» тақырыптарында семинар өтті. Онда педагогтар өзара іс-тәжірибелерімен бөлісіп, әдістемелік көмек алды. Оқу жылында педагогикалық ұжыммен «Педагогикалық ұжымының педагогикалық ғылыми жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибелерін тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына қолдану», «Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы», «Рухани жаңғырудың жарқын жолы» және «Әдістемелік жұмыстардың барысын қорытындылау» тақырыптарында педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогтар инновациялық технологиялармен, жаңа бағдарламалармен танысты. Өздерінің теориялық білімдерін жыл бойы балалардың жан-жақты дамуына мақсатты түрде бағыттап, түрлі әдіс-тәсілдерді практикалық тұрғыда қолдана білді. Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді балалардың тілдік дамыту жұмыстарында қолданып, соның нәтижесінде суреттер бойынша әңгіме құраудың, мазмұндаудың жаңа сызбасын әзірледі. 2023-2024 оқу жылында жылдық оқу жоспарына сай жұмыстар жүргізілді,- деді.

**Шешім:** жылдық оқу жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

**3.Тыңдалды:** Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау.

**Сөйледі:** әдістемелік бірлестік жетекшісі Усенова Салтанат Мүталіпқызы 2023-2024 оқу жылында әртүрлі сайыстарға қатысып өздерін жан-жақты көрсете білген педагогтарды атап оларды, жаңа оқу жылында мұғалімдер күні қарсаңында мадақтауға ұсынды.

**Сөйлеген:**

**4. Тыңдалды:** Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

**Сөйледі:** Әдіскер Тажибекова Гулжан Пернебаевна келесі оқу жылында педагогтардың өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын жандандыру арқылы тәрбиеленушілерге заман талабына сай білім мен тәрбие беру, өзіндік білім жетілдіре отырып, оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып-үйрену, жаңаша білім мазмұнына сай құжаттарды толық толтыруды үйрену, тамыз кеңесіне баяндама оқитын педагогтар баяндамаларына дайындық жұмыстарын қарастырып, тақырыптарын бекітсін, - деді.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Тажибекова Г.П

**Хатшы:**

Усенова С.М